

# ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР МЕН ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



## ТЕМІРЖОЛ ҚАЗАЛЫ

№32  
(2410)

Бейсенбі  
7 мамыр  
2026 жыл  
Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

### АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЛАРЫ

Қадірлі жерлестер!

Құрметті Отан қорғаушылар!

Баршаңызды 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Бұл – ел тыныштығы мен мемлекет қауіпсіздігін сақтауды қасиетті борыш санаған ер азаматтардың мерейлі мерекесі. Бүгінде Отан алдындағы жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген әскери қызметшілер мен сала ардагерлері елдің қорғаныс қабілетін нығайтып, Тәуелсіздігіміздің тұғырын бекемдеуге зор үлес қосып келеді. Олардың қажырлы қызметі, батылдығы мен антқа адалдығы – кейінгі ұрпаққа өнеге.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Әскер – ел тәуелсіздігі мен қауіпсіздігінің сенімді тірегі. Сондықтан мемлекет әскери саланы дамытуға және әскери қызметшілерді қолдауға әрдайым ерекше көңіл бөледі», – деп атап өткен болатын. Расында, бүгінгі таңда еліміздің Қарулы Күштері кәсіби тұрғыда нығайып, заманауи талаптарға сай дамып келеді. Бұл – ел қауіпсіздігі мен халық тыныштығының басты кепілі.

Қазақ жауынгерінің қайсар рухы мен елге деген адалдығы қашанда биік. Туған жердің тыныштығын күзету, ел амандығын сақтау – үлкен жауапкершілік әрі мәртебелі міндет. Осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген барлық азаматтарға айрықша алғыс білдіремін.

Айтулы мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, қызметтеріңізге толағай табыс тілеймін!

Еліміз тыныш, көк туымыз әрдайым биікте желбірей берсін!

Ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін!

Құрметпен, аудан әкімі Алмасбек Есмаханов



Қадірлі соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлері!

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды Ұлы Жеңіс күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – бейбіт өмір мен бостандық жолында жанын қиған боздақтардың ерлігі мен ер рухына тағзым ететін, аға буынның қайсарлығы мен қаһармандығын ұлықтайтын қасиетті күн.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Біз ержүрек аға буынның алдында мәңгі қарыздармыз. Олардың қайсарлығы мен тәзімділігінің арқасында бейбіт заманда өмір сүріп, жарқын болашағымызға жол аштық», – деп атап өткен болатын.

Сұрапыл соғыс жылдарында майдан даласында жаумен шайқасқан батырларымыз ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Ал, тылдағы еңбеккерлер күн-түн демей «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен аянбай еңбек етіп, Жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосты. Бұл – халқымыздың бірлігі мен табандылығының, қайсар рухының жеңісі.

Қазалы ауданынан Ұлы Отан соғысына 11 мыңға жуық азамат аттанып, олардың мыңдағаны туған жерге оралмады. Олардың есімі ел жадында мәңгі сақталады. Майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің алдында біз әрдайым қарыздармыз.

Бүгінде соғыс жылдары тылда еңбек еткен және Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілген азаматтарға тиісті әлеуметтік қолдаулар көрсетіліп келеді. Бұл – ерлікке деген тағзымның белгісі.

Батыр бабаларымыз қорғап қалған қасиетті Отанымыз аман, еліміз тыныш, көк туымыз әрдайым биікте желбірей берсін!

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін!

Елімізде әрдайым бейбітшілік пен тұрақтылық салтанат құрсын!

Құрметпен, аудан әкімі Алмасбек Есмаханов

### АЛМАСБЕК ЕСМАХАНОВ: ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ – ӨҢІРДІҢ КЕЛБЕТІН АЙҚЫНДАЙТЫН МАҢЫЗДЫ НЫСАН



Өткен жылы аудан орталығындағы 120 жылдық тарихы бар Қазалы теміржол вокзалына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, тарихи ғимарат қайта жаңғыртылған болатын. Бүгінде вокзал ғимаратындағы күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып, жуық арада тұрғындар игілігіне пайдалануға берілмек. Сонымен қатар, вокзал аумағындағы жаяу жүргіншілер жолы жөнделіп, заманауи үлгіге сай, ерекше көрік беретін қоршаулар, аялдамалар орнатылып, абаттандыру жұмыстары қолға алынған болатын.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов тиісті сала басшыларымен бірге теміржол вокзалы аумағындағы атқарылып жатқан жұмыстарды көріп, жұмыс сапасын бақылады.

Теміржол вокзалы – ауданның айнасы, өңірдің келбетін айқындайтын маңызды нысан екенін атап өткен аудан басшысы, мұнда тазалық пен тәртіпке, абаттандыру жұмыстарының сапасына ерекше мән берілуі керектігін айтты.

Осыған сәйкес вокзал аумағындағы жоспарланған жұмыстарды тезірек әрі сапалы етіп аяқтау керектігін ескертті. Перрон бойындағы кәсіпкерлік нысандардың сыртқы келбетін біріздендіру, талапқа сай қалыпқа келтіру және анықталған кемшіліктерді шұғыл жөндеу мәселелері бойынша тиісті сала басшыларына нақты міндеттер жүктеді.

Аудан басшысы вокзал жанындағы Оқушылар үйінің алдындағы аумақты да көріп, жасыл желектерді көбейту, ретсіз өскен шөптерді шабу, қоршаулар мен орындықтарды сырлау, сыртқы келбетті ретке келтіру және тұрғындар үшін жайлы орта қалыптастыру жөнінде Әйтеке би кентінің әкімі мен Оқушылар үйінің директорына теміржол мекемелерінің басшыларымен бірге бірлесе жұмыс істеуді тапсырды.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

## АУДАН ӘКІМІ ҚОЖАБАҚЫ АУЫЛЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАДЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әлішпен бірге Қожабақы ауылындағы «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында салынып жатқан спорт кешенінің құрылысын көрді.

Бүгінде мердігер мекеме «Намыс-Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимараттың негізгі құрылыс жұмыстарын толық аяқтап, ішкі әрлеу, сырлау, ғимарат алдындағы тас төсеніштер мен кафель плиталарын төсеу жұмыстарын жүргізуде. Инженерлік желілер толық тартылып, нысанды пайдалануға беру үшін жұмыстар жоспарлы түрде атқарылуда. Спорт кешенінің жалпы құны 537,1 млн теңгені құрайды.

Аудан басшысы спорт кешенінен кейін «Қазалы – Қожабақы – Бозкөл – Кәукей» автожолының 32,1 шақырымындағы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан көпірдің сапасын

бақылады. Жобаға сәйкес жаңа көпірдің ұзындығы 21,69 метр, жалпы өткелдің ұзындығы 375,13 метрді құрайды.

Қазіргі таңда мердігер мекеме «Гүлнұр МК» ЖШС-і көпір құрылысына қажетті жабдықтарды құрылыс алаңына толық жеткізген. Көпір жанында айналма жол мен уақытша су өткізгіш құбырлар бар. Қазіргі таңда арматураларды тоқу жұмыстары жүргізіліп, бірер күнде жердің терең қабатына темірбетонды қада қағу жұмыстары басталмақ.

Аудан әкімі Қожабақы ауылындағы құрылыс нысандарын салып жатқан мердігер мекемелер қызметкерлеріне құрылыс сапасы мен мерзімін қатаң бақылауда ұстауды тапсырып, тұрғындар үшін маңызды жобаларды уақытылы әрі сапалы аяқтауды ескертті. Спорт кешенінің құрылысын маусым айына дейін, ал көпір құрылысын қыркүйек айына дейін толық аяқтау керектігін айтты.

## ЕЛДІ МЕКЕНДЕРГЕ ОРАМІШІЛІК ГАЗ ЖЕЛІЛЕРІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Биыл облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен республикалық бюджеттен жалпы көлемі 680 млн теңге қаржы бөлініп, Қазалы ауданындағы Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түктібаев ауылдарына орамшілік газ желілерін жүргізу жұмыстары басталған болатын.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов елді мекендердегі орамшілік газ желілерін жүргізу жұмыстарының сапасын бақылап, мердігер мекемелердің жауапты өкілдерімен кездесті.

Алдағы уақытта аталған 4 ауыл толықтай көгілдір отынға қосылғаннан кейін 1300-ге жуық тұрғын үй мен 25 әлеуметтік нысан табиғи газбен қамтылып, 7000-нан астам тұрғын көгілдір отын игілігін көрмек. Сонымен қатар, кәсіпкерлік нысандар да табиғи газға қосылатын болады.

Кездесуде аудан әкімі Президентіміздің, облыс әкімінің қолдауымен жүзеге асып жатқан бір мезетте 4 ауылға газ жүргізу жұмыстары ауқымды жобалардың бірі екендігін айтты, мердігер мекемелерге құрылыс жұмыстарының сапалы әрі мерзімінде аяқталуы басты талап екенін ескертті. Газ желілерін жүргізу жұмыстарына жергілікті

тұрғындарды тартып, оларды жұмыспен қамту мәселесіне баса назар аудару қажеттігін атап өтті.

Ауыл әкімдеріне мердігерлермен бірлесіп жұмыс жүргізуді тапсырып, елді мекендердегі санитарлық тазалық пен көркейту жұмыстарына ерекше мән беруді тапсырды. Ауылдардың санитарлық тазалығы кезінде анықталған кемшіліктерді шұғыл түрде қалпына келтіру жөнінде нақты тапсырмалар



берді.

Айта кетейік, Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түктібаев ауылдарын көгілдір отынмен қамту жұмыстарымен мердігер мекеме – «AsiaStroy KZ» ЖШС, Жанқожа батыр ауылындағы жұмыстармен – «Сырэнергогазстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесі айналысуда. Аталған 4 ауыл толықтай көгілдір отынға қосылғаннан кейін аудан бойынша тұрғындарды газбен қамту көрсеткішін 83 пайызға жеткізу жоспарланып отыр.

## «БІРЛІК» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ САЙЛАНДЫ

Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Конституциялық заңының талаптарына сәйкес, 3 мамыр күні «Бірлік» ауылдық округі әкімінің сайлауы өткізіліп, ауыл халқы өз таңдауын жасады.

Сайлаудың қортындысы бойынша «Amanat» партиясынан ұсынылған кандидат Аман Бауыржан Толықболұлы басым дауысқа ие болып, «Бірлік» ауылдық округінің әкімі болып сайланды.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов пен аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш «Бірлік» ауылдық округінде ауыл тұрғындарымен бірге Бауыржан Аманның қызметіне сәттілік тіледі.

-Ең басты мақсат - халықтың әл-ауқатын арттыру, ауыл өмірін жақсартуға бағытталған жұмыстарды жоғары деңгейде атқару. Ауыл халқы өзіңізге үлкен сенім артып, сайлауда дауыс берді. Сондықтан округ тұрғындарымен тығыз байланыста жұмыс істеп, ауыл шаруашылығы, шағын және орта кәсіпкерлік салала-



рын дамытуды, елді мекеннің әлеуметтік-саяси ахуалын тұрақты ұстауды, салалық мекемелермен тікелей байланыста болып, мемлекеттік бағдарламаларда белгіленген міндеттерді жүйелі атқарып, тапсырмаларды уақытылы және сапалы орындауды тапсырамын. Жұмысыңызға табыс, қызметіңізге сәттілік тілеймін, – деді аудан басшысы Алмасбек Әбілқасымұлы.

Аудан басшысынан кейін аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Аманбай Бауыржан Аманға ресми түрде әкім куәлігін табыс етті.

Жиында ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ордабай Төлегенов сөз сөйлеп, бұған дейін елді мекенде еңбек етіп келе жатқан азаматтың алдағы қызметіне сәттілік тілеп, ауыл ақсақалдары батасын

берді.

Бауыржан Толықболұлы – 1980 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. Білімі жоғары, Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық аграрлық университетін «ветеринариялық санитарлық дәрігер» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 2004 жылы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазалы аумақтық ветеринариялық басқармасының ветеринариялық инспекторы болып бастаған. Өр жылдары Қазалы аудандық аумақтық ветеринариялық инспекциясының жетекші маманы, бас маманы болып қызмет атқарған. 2015 жылдан бастап, «Қазалы аудандық ветеринариялық станциясы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының «Бірлік» ауылдық округі бойынша ветеринариялық пункт меңгерушісі қызметін атқарып келді.


**Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

## АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕК ИЕСІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТИЛДІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында ұзақ жылдар бойы мемлекеттік қызметте абыройлы еңбек еткен аудан әкімі аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің іс жүргізуші инспекторы Абат Роза Жүнісқызын құрметті зейнеткерлік демалысқа шығарып салуға арналған жиын өтті.

Тағылымды шарада аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Роза Жүнісқызының саналы ғұмырын мемлекеттік қызмет саласына арнап, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан еңбегі жайында айтып өтті.

Зейнет жас иесінің көпжылдық адал еңбегі үшін



алғыс білдірді. Ауданның ең жоғары наградасы «Құрмет грамотасын» табыстап, арнайы сый-құрмет көрсетті.

Жиында аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаев,

аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Бақытжан Жарылқап 40 жылдан астам уақыт аудан әкімдігі жүйесінде табысты еңбек етіп, кәсібилігімен, жауапкершілігімен және адамгершілік қасиетімен ұжым арасында зор құрметке ие болған азаматшаға жылы лебіздерін жеткізді.

Өз кезегінде Роза Жүнісқызы арнайы қабылдап құрмет көрсетіп жатқан аудан басшысы мен азаматтарға және ұзақ жылдар бірге қызмет атқарған ұжымдастарына алғысын жеткізді.

**Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

## СУЫҚ ҚАРУДЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқықтық тәртіпті нығайту мақсатында қару айналымы саласындағы заң талаптарын сақтау ерекше маңызға ие.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287-бабына сәйкес, қаруды, оның ішінде суық қаруды заңсыз алып жүру немесе заңсыз өткізу қылмыстық құқық бұзушылық ретінде танылады. Яғни, суық

қаруды белгіленген тәртіпті бұза отырып өзімен бірге алып жүру немесе оны өткізу, сату сияқты өзге де тәсілдермен иеліктен шығару заңмен қудаланады.

Аталған бап нормаларына сай, суық қаруды заңсыз алып жүргені немесе заңсыз өткізгені үшін кінәлі тұлғаларға айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қамақ түріндегі жаза түрлері қарастырылған. Жаза түрі мен мөлшері жасалған құқық

бұзушылықтың сипатына, қоғамдық қауіптілік дәрежесіне және істің нақты мән-жайларына байланысты айқындалады.

Сонымен қатар, суық қаруды қылмыс жасау кезінде қолдану немесе оны қолдану арқылы қоғамға қауіп төндіру әрекеттері жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлар ретінде бағаланып, қатаң жаза тағайындауға негіз болады.

Аудандық прокуратура аза-

маттарды суық қару айналымы саласындағы заң талаптарын мүлтіксіз сақтауға шақырады. Суық қаруды заңсыз алып жүру және өткізу – заң алдында жауапкершілікке әкеп соғатынын естен шығармау қажет.

Заң талаптарын сақтау – қоғам қауіпсіздігі мен тұрақтылығының кепілі.

**Қазалы ауданының прокуратурасы**

### ЖОБА

#### Барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүрулері туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына және 47-бабының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, Қазалы ауданының барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүрулеріне қолданыстағы тарифтің 50 (елу) пайызы мөлшерінде жеңілдік құқығы берілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазалы аудандық мәслихатының төрағасы**

**Ғ. Әліш**

### ПРОЕКТ

#### О льготном проезде на общественном транспорте (кроме такси) обучающихся и воспитанников всех организаций образования очной формы обучения

В соответствии с подпунктом 2) пункта 1 статьи 6 и подпунктом 1) пункта 4 статьи 47 Закона Республики Казахстан «Об образовании» Казалинский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Предоставить право на льготный проезд на общественном транспорте (кроме такси) обучающимся и воспитанникам всех организаций образования очной формы обучения Казалинского района, независимо от ведомственной подчиненности, в размере 50 (пятьдесят) процентов от действующего тарифа.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Председатель Казалинского районного маслихата**

**Г. Алиш**

## ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ КЕЗІНДЕ ОТТЫ БАҚЫЛАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАЙЫҚ

Кішкене ғана ұшқын, сөндірілмеген күл-қоқыс, шылым қалдығы, кез келген жерде от немесе шырпы жағып, шылым тұтату орны толмас опық жегізуі мүмкін.

Қазір ауданда санитарлық тазалық айлығы жүріп жатыр. Сондықтан күл-қоқысты өртегенде өте сақ болу керек. Оны күн тынық кезде, тұрғын үй құрылысынан алшақ жерде өртеп, күлі сөнгенше қадағалап қасында тұрған жөн. Қайсыбіреулеріміз соны біле тұра көңіл бөлмейміз. Тұрғындар аулаларынан шыққан күл-қоқыс, шөп қалдықтарын өртеу кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаулары тиіс.

Өрттің шығу салдарына

кішкентай балалардың шырпымен ойнауы, ата-аналар тарапынан қадағалаудың жоқтығы да себеп болады. Яғни, кішкентай балаларға көп көңіл бөліп, олардың шырпы, отпен ойнауына жол бермеу керек. Себебі, оның арты өртке айналып, орны толмас өкінішке душар етеді.

Кішкене ғана ұшқынның өзі орны толмас опық жегізуі мүмкін. Далада, егін алқаптарында болатын өрт көбіне отты бақылаусыз қалдырып, қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамағаннан болады. Өрт адамдардың маңдай терімен, еңбегімен, қолымен өндірілген байлықты жоқ етпесін десек,

алдын-алу шараларын сақтаған жөн. Өрт болған жағдайда «101» немесе «112» байланыс номерлеріне қоңырау шалыңыз.

**Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі**



## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ БАСТЫ ҚАФИДАСЫ

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дамуына кедергі келтіретін, мемлекетке деген сенімді әлсірететін теріс құбылыс. Сондықтан оған қарсы күрес әр азаматтың, әсіресе мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Мемлекеттік қызмет саласында адалдық, ашықтық, әділдік және заңдылық қағидалары қатаң сақталуы тиіс.

Мемлекеттік қызметші халыққа қызмет ететін тұлға болғандықтан, өз жұмысында кәсібилік пен жауапкершілікті жоғары деңгейде көрсетуі қажет. Әрбір шешім заң талаптарына сай қабылданып,

жеке мүдде емес, ел мүддесі бірінші орында тұруы керек. Бұл – мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың басты талаптарының бірі.

Қазынашылық саласы – мемлекеттік қаржыны тиімді басқару мен бюджеттік қаражаттың дұрыс жұмсалуды қамтамасыз ететін маңызды жүйе. Қазынашылық органдары бюджет қаражатының мақсатты әрі заңды игерілуін қадағалайды, төлемдердің уақытылы жүргізілуін қамтамасыз етеді. Сондықтан бұл салада сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу ерекше маңызға ие.

Қазынашылық қызметкерлері өз міндеттерін адал атқарып, қаржылық тәртіпті сақтап, ашықтық пен әділдікті басты ұстаным етуі тиіс. Қызмет барысында заң бұзушылықтарға жол бермеу, мемлекеттік мүлікті қорғау, бюджет қаражатын тиімді пайдалану – басты міндеттердің бірі.

Қазіргі таңда елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік мекемелерде ашықтықты қамтамасыз ету, цифрландыру жүйесін енгізу, халықпен кері байланысты күшейту – соның дәлелі. Бұл шаралар заң

бұзушылықтың азаюына ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек жазалау шараларымен шектелмейді. Ең бастысы – қоғамда адалдық мәдениетін қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты арттыру және әр азаматтың жауапкершілігін күшейту. Адал еңбек пен әділ қызмет қана мемлекеттің дамуына жол ашады.

**М.ӘЛЖАНОВА,**  
**Қазалы аудандық**  
**Мемлекеттік**  
**қазынашылық**  
**басқармасының**  
**бас маман – бас**  
**қазынашысы**

## ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАЙЫҚ

Өрт – бұл адамның өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке зиянын тигізетін, қоршаған ортаға үлкен материалдық зақым келтіретін, қоршаған ортадағы заттардың бақылаусыз жануы. Ең күрделі, зиян тигізетін өрттер өртке қауіпті объектілерде, басқа да зақымдау факторлары (жарылыс, улы заттардың жиналуы, тағы басқа) бар объектілерде болады. Сонымен бірге, адамдар көп шоғырланған жерлерде өрт шығу қаупі бар.

Өрт салдары зақымдау факторларының әрекеттеріне байланысты болады. Оларға жататындар: жанғыш заттың отқа тікелей әсері, сәулелер есебінен жоғары температуралы заттар мен объектілерге қашықтықтық әсері, жану зонасында иісті газбен улану, жану кезіндегі токсинді өнімдерден улану, құрылыстардың конструктивті бөліктерінің бұзылып құлауынан адамдардың жарақат алуы немесе қаза болуы.

Орман өрттері құрғақ ауа райы мен жел болғанда айтарлықтай үлкен территорияға таралып кетеді. Ыстық ауа райы кездерінде, егер жауын-шашын болмаса ормандар құрғап, кез


келген абайсыз жанған оттың әсерінен өрт тез таралып кетуі мүмкін. Өртке қауіпті орман өсімдіктеріне қарағайлы, жапырақты ағаштар, қыналар, ит бүлдіргендер, аршалар, тағы басқа жатады. Құрғақ құмды топырақты жерлердегі ағаштарға өрт жиі әрі тез таралады. Бірақ оларды өшіру оңайырақ. Қылқан жапырақты ормандардағы түскен жапырақтар, бұталар және құрғақ шөптер қауіпті өрт тудырады. Олар үлкен зардап шектіреді.

Өрт қауіпсіздігі – бұл өрт болу мүмкіндігін болдырмау және пайдалану болған кезде адамдарға, құрылыс және материалдық құндылықтарға өрттің қауіпті факторларының жағымсыз әсерлерін жою үшін қажетті шараларды қолдану болып саналады.

Өрт қауіпсіздігі өрттің алдын алу шаралары мен белсенді өрт қорғанысымен қамтамасыз етіледі. Өрттің алдын алу, болдырмау немесе оның салдарын азайтуға бағытталған іс-шаралардың кешені саналады. Белсенді өрт қорғанысы – бұл өрт немесе жарылысқа қауіпті

жағдайларымен белсенді күресуді қамтамасыз ету шаралары.

Өрттің алдын алу шаралары құрылыстық-жобалау, техникалық, ұйымдастырушылық. Техникалық шаралары: өмірге қажетті жүйелерді (жылу, жарықтандыру, вентиляция, тағы басқа) орнатқан кездерде өрт



қауіпсіздігі нормаларын сақтау;

құрал-жабдықтар жұмысының тәртібі мен технологиялық процестер параметрлерін сақтау; өртүрлі қорғану жүйелерін пайдалану.

Ұйымдастырушылық шаралар құрамына өрт қауіпсіздігі жөнінде оқу өткізу, өрт қауіпсіздігі шараларының сақталуын тексеру кіреді.

Өрт сөндірудің келесі тәсілдері қарастырылады:

ыстық жанғыш затты тотықтырғыштан бөлектеу, ауадағы оттегі концентрациясын азайту, ыстық жанғыш заттың температурасын оталдыру температурасынан төмендету. Өрт сөндіру заттары ретінде су, құм, көпіршіктер, ұнтақтар, өрт тудырмайтын газ тәріздес заттар, инертті газдар,

булар қолданылады.

Өрт сөндіру құралдары 2-ге бөлінеді. Қол көмегімен жұмыс істейтін құралдар (құм салынған жәшіктер, асбест жабындары, өртке қарсы құрал-саймандары бар тақталар; химиялық көпіршікті өтсөндіргіштер, ұнтақты өтсөндіргіштер, көміроттекті өтсөндіргіштер, хладонды өтсөндіргіштер, құрама өтсөндіргіштер), өртке қарсы жүйелер (су-

мен жабдықтау жүйелері, көпіршікті генераторлар, автоматты сигнал беру құралдарын қолдану арқылы автоматты өрт сөндіру жүйелері). Кез келген объектілерді эксплуатациялауды (туристік фирмаларды, қонақ үйлерді, демалыс базаларын) бекітілген нормативті құжаттар талаптарына сай қатаң түрде жүзеге асыру қажет. Барлық қоғамдық және өндірістік ғимараттарда нақты көрсетілген кедергісіз тез шығуға кепіл беретін апатты жағдайларда шығатын жерлер болуы тиіс. Есіктер іш жағынан ашылуы керек. Бұл жерлерде кедергі келтіретін бөгде заттар мен отқа жанғын материалдар болмауы керек. Бұдан басқа да құтқару жолдары қарастырылуы жөн (мысалы, сыртқа шығатын сатылар мен шатырға шығатын жерлер). Өрт кезінде ешқашан лифтті қолдануға болмайды.

**Б.ТӨЛЕБАЕВ,**  
**«Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қарақұм орманшылығының басшысы**

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР**  
**Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР**  
**Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан  
Республикасының Ақпарат  
Министрлігінде 2004 жылғы  
15 наурызда тіркеліп, №4801-г  
күелігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.  
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.  
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.  
Жариялымы жаратқан газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.